



Статистика, учет и аудит, 1(88)2023. стр. 45-51

DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2023-1.06>

МРНТИ 21.01.29

ӘОЖ 659.1

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ (ҚОЗҒАЛЫСТАРҒА) СЕКТАЛАРҒА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАТЫНАСЫ (социологиялық зерттеулердің анализі)

С.Р. Оразбекова^{1*}, Қ.Д. Мустафин²

¹Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Yogyakarta State University, Джокьякарта, Джалан Коломбо №1, Карангмананг, Индонезия

*Corresponding author email: aizhan376@mail.ru

Аңдатпа. Дін - бұл елдің қоғамдық-саяси даму деңгейінің, әлеуметтік-мәдени жүйесінің буынын білдіреді. Қазақстан территориясында ежелден бері әр түрлі діндер бейбіт қатар өмір сүруде ислам, православие, буддизм, иудаизм. Еліміздің қазіргі діни сферасында пайда болған дәстүрлі емес діндер, жаңа діни қозғалыстар (ЖДҚ) дүниетанымдық плюрализммен сипатталады. Жастар кез-келген қоғамның негізгі тірегі. Сол себептен мақалада студент жастардың дәстүрлі емес діни қозғалыстарға көзқарастарының қандай екендігі қарастырылды. Жүргізілген социологиялық сауалнамада, жас студент респонденттер дәстүрлі емес діни (қозғалыстар) секталардың мәні туралы пайымды пікірлерін көрсетті. Зерттеуіміздің негізгі мәселесі социумде кездесетін қарама-қайшылықтардың негізінде қалыптасты: тұлғаның рухани дамуына тыйым салу артта қалып, елімізге дәстүрлі емес діни қозғалыстардың және діндердің атынан әрекет ететін миссионерлердің шамадан көп көбейіп кетулері.

Түйін сөздер. дүниетаным, діни сәйкестілік, діни бірлестіктер, діни қозғалыстар, субмәдениет, респондент, социум, зерттеу.

Кіріспе. «Діни бірлестіктердің және діни қызметтердің» жұмыстары туралы Қазақстан Республикасының заңында барлық конфессиялардың бір-бірінен артықшылығы жоқ, олар өзара тең», - деп қарастырылды. Алайда, олардың барлығын шынайы тең деп қарастыра алмаймыз. Мұндай теңсіздік Қазақстанның мәдени-тарихи және діни тәжірибесіне келіп тіреледі. Қазақстан территориясында қазір дәстүрлі деп аталатын діндер сонау ерте заманда қалыптасқан. Қазіргі таңда Қазақстанда жұмыс жасап жатқан конфессиялардың көпшілігі, Қазақстан территориясында болмаған. Оларды қазір «дәстүрлі емес діндер» немесе «жаңа діни қозғалыстар» деп атауда. Күнделікті өмірде, қоғамның «дәстүрлі» және «дәстүрлі емес» конфессияларға деген қатынасы өзгешеленуде.

КСРО-ның коммунистік идеологиясының күйреуінен кейін, Батыстан және Шығыстан қаптаған дәстүрлі емес идеялар, дүниетанымдық кеңістікті толтыра бастады. «Астыртын жұмыс жасаған» эзотериктер, экстрасенстер өз ілімдерін халық арасында тарата бастады. Осы ақпараттарды тез қабылдайтын және басқалардың әсерлеріне тез түсетін тұрғындардың бөлігі жастар.

Cite this article as: C.R. Orazbekova, K.D. Mustafinov. Students' attitude to non-traditional religious (movements) sects (analysis of sociological research). *Statistics, accounting and audit*. 2023, 1(88), 45-51. (In Kaz.). DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2023-1.06>



Жастар арасында таралған, қылмыстық субмәдениет туралы айтқанда, қоғамның мәдениетінде, заңдарында, нормаларында таралған және қоғамдағы дүниетанымдық кеңістікте өмір сүретін негативті реакция ретінде жастар субмәдениеті құрылуы мүмкін. Бұл жастардың дәстүрлі емес (жаңа) қозғалыстарға деген қызығушылықтарымен түсіндіріледі. Жаңа деп айтуымыздың себебі, бұл секталардың көпшілігі XX ғасырдың ортасында пайда болды.

Қазақстандық студенттердің дәстүрлі емес діни қозғалыстарға қатынастары қалай? Олардың қызметтері туралы нақты не біледі? Жаңа діни қозғалыстарға сіз өзіңіз қатыстыңыз ба? Осы және басқа да сұрақтарға, социологиялық зерттеулер жүргізу арқылы жауап беруге тырыстық.

Материалдар мен әдістер. Сапалы әдістерді қолдана отырып жиналған деректерді талдау. Сауалнамаларға жауаптардың мазмұнын талдау, студенттерге дәстүрлі емес діни ағымдарға қатысты негізгі тенденциялар мен заңдылықтарды анықтау үшін сауалнама нәтижелерін статистикалық өңдеу.

Негізгі ережелер. Зерттеу тақырыбы: Қазақстандық студенттердің дәстүрлі емес діни қозғалыстарға қатынасы. Зерттеудің негізгі мақсаты: әртүрлі жоғары оқу орындарының студенттерінің Дәстүрлі емес діни қозғалыстардың шынай мәні туралы қаншалықты хабардар екенін және дәстүрлі емес діни қозғалыстардың олардың өмірлерінде алатын орынын анықтау.


Зерттеудің негізгі міндеттері келесі мәселелерді қамтыды:

1. Қазақстандық студенттердің субмәдениетіне жаңа діни қозғалыстардың әсерін анықтау;

2. Дәстүрлі емес діни қозғалыстардың әсер етуінің қауіптілік деңгейін анықтау;

Социологиялық зерттеудің пәні ретінде дәстүрлі емес (жаңа) діни қозғалыстарға студенттік жастардың қатынасының қандай екенін анықтау.


Нәтижелер және талқылау. Жұмыс гипотезасы дәстүрлі емес діни қозғалыстардың қызметі туралы мәліметтермен, студенттік жастардың басым көпшілігінің үстіртін хабардар деген болжамға сүйенеді.



Сурет 1 - Сіз қандай дәстүрлі емес діни қозғалыстарға қатыстыңыз? Сұрақ бойынша жаратылыстану және гуманитарлық бөлімдерде оқитын студенттердің көрсеткіші




Респонденттердің осы мәселе бойынша көзқарастарын жаратылыстану және гуманитарлық салалары бойынша қарастырғанда келесі көрсеткіштерді байқаймыз. Жаратылыстану факультеттерінде оқитын студенттердің 51% олар туралы ақпараттармен таныстым, бірақ қатыспадым деп жауап берді. Ал, гуманитарлық факультеттердің студенттерінің жауабы 47% құрады. Демек, қызықты. Зерттеу нәтижелерін зерделеуде, жас респонденттер дәстүрлі емес діни (қозғалыстар) секталардың мәні туралы пайымды пікірлерін көрсете алды.



Сурет 2 - Соңғы уақытта Қазақстанда көптеген дәстүрлі емес діни қозғалыстар пайда болды. Осы діни қозғалыстарға өзіңіздің көзқарасыңызды жалпы алғанда қалай сипаттай аласыз? (Бір ғана жауапты қабылдайсыз)


Дәстүрлі емес діни (қозғалыстар) секталар туралы респонденттердің қаншалықты хабардар екенін анықтау үшін, олардың осы мәселе туралы білімдерінің көлемінің қаншалықты ауқымды екендігін түсіну үшін нақты сұрақтарға жауап берулерін сұрадық. Соңғы уақытта Қазақстанда пайда болған дәстүрлі емес діни (қозғалыстардың) секталардың жұмыстарына респонденттердің 35% бейтарап; ал 34% теріс қарайтындарын атап көрсетті. Респонденттердің 19% олар туралы ешқандай хабардары жоқ екенін білдірсе, ал респонденттердің 11% олардың жұмыстарына орнықты қарайтындарын білдірді.



Сурет 3 - Сіз қандай дәстүрлі емес діни қозғалыстарға қатыстыңыз? Сұрақ бойынша жаратылыстану және гуманитарлық бөлімдерде оқитын студенттердің көрсеткіші. Дәстүрлі емес діни қозғалыстарға өзіңіздің көзқарасыңызды жалпы алғанда қалай сипаттай аласыз. 1,2,3,4 курс студенттерінің көрсеткіші



Студент жастардың дәстүрлі емес діни (қозғалыстардың) секталардың жұмыстары туралы білімдерін курстық деңгейде қарастырғанда келесі көрсеткіштерге ие болдық. 1-курс студенттерінің 42% өте теріс қарайтындықтарын білдірсе. 2-3-4 курс студенттерінің 43% бейтарап қарайтындарын атап көрсетті. Бұл қазіргі студент жастарының дінге деген көзқарастарының өзіндік бір орныққандығын көрсетеді.



Сурет 4 - Белгілі экстрасенстердің қызметтері туралы, қазақ және орыс бөлімдерінде оқитын студент жастар қаншалықты хабарда

Қазақ және орыс бөлімдерінде оқитын респонденттердің 64% емшілік қасиетімен елге таныс болған В.Вангаға берді.



Сурет 5 - Сіз қалай ойлайсыз, адамдар экстрасенстердің қызметтеріне қандай жағдайда жүгінеді?



Респонденттердің экстрасенстерге қатынасын анықтауда, ұқсас үрдісті байқауға болады, олар уәде береді «психоэнергетикалық шабуылдың салдарынан организмді қалпына келтіруде, одан қорғану ретінде энерго айырбасты түзетуді қолданады». Адамдар экстрасенстердің қызметтеріне қандай жағдайда жүгінеді?- деген сұраққа жауап беруге өтініш білдірдік. Респонденттердің 64% «Өмірлік мәселелерін, өздері шеше алмаған жағдайда және 55% өзінің жақын туыстарының болашағы және өзінің болашағы туралы алаңдаған жағдайда деп жауап берді. Респонденттердің 21% «гипноздың көмегімен ауруынан айығу мақсатында» деп жауап берулері олардың арасында қолдаулар таппады. «Өздері экстрасенс болғылары келген жағдайда» деп респонденттердің 7% жауап берді.

Қорытынды. Зерттеуіміздің негізгі мәселесі социумде кездесетін қарама-қайшылықтардың негізінде қалыптасты: тұлғаның рухани дамуына тыйым салу артта қалып, елімізге дәстүрлі емес діни қозғалыстардың және діндердің атынан әрекет ететін миссионерлердің шамадан көп көбейіп кетулері. Қазақстанда әлемнің 27 елінен келген 300-ден астам миссионерлер тіркелген Бұл негізінен АҚШ, Польша, Испания, Корей, Германия, Ресей, Украина, Италия, Швеция елдерінің өкілдері болды.

Олардың ықпалына көп жағдайда, қазақстандық жастар түсуде. Жастардың басым көпшілігінде қажетті діни білімнің және тәрбиенің, орнықты өмірлік тәжірибелердің болмауы. Бұл жағдаймен көбінесе жастарды өздерінің ілімдеріне тартатын, жалған діни қозғалыстардың өкілдері қолданады. Біз білеміз, кез-келген қоғамның негізгі тірегі жастар болып табылатынын. Жүргізілген социологиялық сауалнамада, жас студент респонденттер дәстүрлі емес діни (қозғалыстар) секталардың мәні туралы пайымды пікірлерін көрсете алды.

- жас респонденттердің жаңа, дәстүрлі емес, зерттелмеген діни қозғалыстарды тануға деген ұмтылыстары дәлел бола алады.

- біздің жас респонденттердің парапсихология (грек.т.- жанында, қасында) сияқты феномендерге көзқарастары өте рационалды болып келді.

- қазір жаһандану заманында студент жастардың жан-жақты жетілуін, өзіндік абстрактілі ойлай алатындарын айқын байқауға болады.

- студент жастардың басым көпшілігінің көзқарастары бойынша, дәстүрлі емес діни қозғалыстардың қызметтері мемлекет тарапынан үнемі қадағалауда болғаны шарт деп түсінулерінің астында үлкен мән жатыр. Себебі, қазіргі таңда бұл қозғалыстардың жұмыстары шынымен де қоғам үшін қауіпті. Соңғы жылдары елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалар осыған дәлел бола алады.

- студент жастардың дәстүрлі емес діни (қозғалыстардың) секталардың жұмыстары туралы білімдерін курстық деңгейде қарастырғанда қол жеткізген көрсеткіш бізді қуантады. Себебі, жаңа ғана мектеп қабырғасын бітірген 1 курс студент жастар, өздерінің осы мәселе туралы көзқарастарын орнықты, ашық түрде жеткізе алды. Олардың басым көпшілігі бұл қозғалыстардың қызметтері адамдарды теріс жолға түсіруге, ойларын арбауға бағытталған деп жауап берді.

- жаратылыстану және гуманитарлық факультеттерінде оқитын студент жастардың «дәстүрлі емес діни қозғалыстардың қызметтері» туралы көзқарастарын салыстырғанда. Жаратылыстану факультетінде оқитын студенттердің, олардың қызметтері туралы көп хабардар екеніне көзіміз жетті. Бұл дегеніміз, біздің жастардың «жаңа діни қозғалыстар», «жаңа діни сана» деп аталатын, экстремистік діни ілім формаларына таратылмауларына себептерін тигізеді деп айта аламыз.



Әдебиеттер тізімі

- 1 Бурова Е.Е., Косиченко А. Г. Актуальные вопросы формирования модели государственно-конфессиональных отношений в Казахстане. – Алматы, 2013. – 220 с.
- 2 Многоуровневая идентичность / З.А. Жаде, Е.С. Куква, С.А. Ляушева, А.Ю. Шадже. – Москва: Российское философское общество; Майкоп: ООО «Качество», 2006. – 245 с.
- 3 Взаимодействие религий в Республике Казахстан. Научно-исследовательский отчет. – Алматы, 2006. – 120 с.
- 4 Федоров В. Ф. Интолерантность как существенный фактор этнорелигиозных конфликтов и пути её преодоления \\\ Материалы Международной научно-практической конференции «Толерантность и интолерантность в современном обществе». – СПб, 2005. –280 с.
- 5 Стецкевич М. С. Свобода совести: Учебное пособие. – СПб.:Изд-во С.-Петерб. ун-та, 2006. – 299 с.
- 6 Цепкова И. Б., Артемьев А. И. Иерархия идентичной структуры граждан Казахстана (гражданская, этническая и религиозная). – Алматы, 2009. –290 с.

References

- 1 Burova E.E., Kosichenko A.G. *Aktualnye voprosy formirovaniya modeli gosudarstvenno-konfessionalnykh otnoshenii v Kazakhstane* [Current issues in the formation of a model of state-confessional relations in Kazakhstan]. Almaty, 2013. 220 p. (in Russian).
- 2 Z.A. Zhade, E.S. Kukva, S.A. Ljausheva, A.Ju. Shadzhe. *Mnogourovnevaya identichnost* [Multi-level identity]. Moscow, Rossijskoe filosofskoe obshhestvo, MajkopIO ООО «Kachestvo», 2006. 245 p. (in Russian).
- 3 *Vzaimodeistvie religii v Respublike Kazakhstan* [Interaction of religion in the Republic of Kazakhstan]. Nauchno-issledovatel'skii otchet. Almaty, 2006, 120 p. (in Russian).
- 4 Fedorov V.F. Intolerantnost kak sushchestvennyi faktor etnoreligioznykh konfliktov i puti ee preodoleniya. *Materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Tolerantnost' i intolerantnost' v sovremennom obshhestve»* [Materials of the International Scientific and practical Conference "Tolerance and intolerance in modern society"]. Saint Petersburg, 2005. 280 p. (in Russian).
- 5 Stetskevich M. S. *Svoboda sovesti* [Freedom of conscience]. Saint Petersburg, 2006. 299 p. (in Russian).
- 6 Cepkova I. B., Artem'ev A. I. *Ierarhija identichnoj struktury grazhdan Kazakhstana (grazhdanskaja, jetnicheskaja i religioznaja)* [Hierarchy of the identical structure of citizens of Kazakhstan (civil, ethnic and religious)]. Almaty, 2009. 290 p. (in Russian).

ОТНОШЕНИЕ СТУДЕНТОВ К НЕТРАДИЦИОННЫМ РЕЛИГИОЗНЫМ (ДВИЖЕНИЯМ) СЕКТАМ (анализ социологических исследований)

С.Р. Оразбекова¹, К.Д. Мустафинов²

¹Алматинский гуманитарно-экономический университет, Алматы, Казахстан

²Yogyakarta State University, Джокьякарта, Джалан Коломбо № 1,
Карангмаланг, Индонезия

Резюме. Религия представляет собой уровень общественно-политического развития страны, звено социокультурной системы. На территории Казахстана с незапамятных времен мирно сосуществовало различные религии ислам, православие, буддизм, иудаизм. Нетрадиционные религии, новые религиозные движения (НРД), возникшие в современной религиозной сфере страны, характеризуются мировоззренческим плюрализмом. Молодежь-основа любого общества. Поэтому в статье было рассмотрено, каково отношение студенческой молодежи к нетрадиционным религиозным движениям. В проведенном социологическом опросе молодые студенты-респонденты показали свое суждение о сущности нетрадиционных религиозных (движений) сект.

Ключевые слова: мировоззрение, религиозная идентичность, религиозные объединения, религиозные движения, субкультура, респондент, социум, исследование.



**STUDENTS' ATTITUDE TO NON-TRADITIONAL RELIGIOUS (MOVEMENTS) SECTS
(analysis of sociological research)**

C. Orazbekova¹, K. Mustafinov²

¹Almaty University of Humanities and Economics, Almaty, Kazakhstan

²Yogyakarta State University, Yogyakarta s., Jalan Colombo No 1, Karangmalang, Indonesia

Summary. Religion represents the level of socio-political development of the country, a link of the socio-cultural system. Various religions such as Islam, Orthodoxy, Buddhism, Judaism have coexisted peacefully on the territory of Kazakhstan since ancient times. Non-traditional religions, new religious movements (NSD) that have emerged in the modern religious sphere of the country are characterized by ideological pluralism. Youth is the foundation of any society. Therefore, the article examined the attitude of students to non-traditional religious movements. In the conducted sociological survey, young student respondents showed their opinion about the essence of non-traditional religious (movements) sects.

Key words: worldview, religious identity, religious associations, religious movements, subculture, respondent, society, research.

Авторлар туралы ақпарат:

С.Р. Оразбекова* - аға оқытушысы, әлеуметтану магистрі, Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, Жандосов көшесі, 59 үй, Алматы, Қазақстан, e-mail: aizhan376@mail.ru

К.Д. Мустафинов - докторант, Білім беру факультеті, Yogyakarta State University, Джокьякарта, Джалан Коломбо №1, Карангмаланг, Индонезия, e-mail: mustafinov_96@mail.ru

Сведения об авторах:

С.Р. Оразбекова* - старший преподаватель, магистр социологии, Алматинский гуманитарно-экономический университет, ул. Жандосова, 59, Алматы, Казахстан, e-mail: aizhan376@mail.ru

К.Д. Мустафинов – докторант, Педагогический факультет, Yogyakarta State University, Джокьякарта, Джалан Коломбо № 1, Карангмаланг, Индонезия, e-mail: mustafinov_96@mail.ru

Information about authors:

S. Orazbekova* - senior Lecturer, Master of Sociology, Almaty University of Humanities and Economics, Zhandosova 59, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aizhan376@mail.ru

K. Mustafinov - doctoral student, Faculty Science of Education, Yogyakarta State University, Yogyakarta s., Jalan Colombo No 1, Karangmalang, Indonesia, e-mail: mustafinov_96@mail.ru

Алынды: 19.01.2023

Қарауға қабылданды: 15.02.2023

Онлайн қолжетімді: 30.03.2023